

Мемлекеттік қызмет паспорты

«Кәмелетке толмаған балаларға меншік құқығында тиесілі мүлікпен жасалатын мәмілелерді ресімдеу үшін қорғаншылық немесе қамқоршылық бойынша функцияларды жүзеге асыратын органдардың анықтамаларын беру» паспорты

1	Көрсетілетін қызметті беруші	Батыс Қазақстан облысының аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары
2	Көрсетілетін қызметті тұтынушылар	Жеке тұлғалар
3	Көрсетілетін қызметтің нысаны	электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.
4	Көрсетілетін қызметті ұсыну орны	1) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы 2) «электрондық үкіметтің» www.e.gov.kz веб-порталы
5	Жұмыс кестесі	Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.00-ға дейін түскі үзіліспен, сағат 9.00-ден 18.30-ге дейін. Мемлекеттік қызметке өтініштерді қабылдау және нәтижелерін беру – сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен, сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін жүзеге асырылады. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз, кезек тәртібімен көрсетіледі.
6	Қажетті құжаттар	Мемлекеттік қызметті көрсету бойынша рәсімді бастау үшін негіздеме «Кәмелетке толмаған балаларға меншік құқығында тиесілі мүлікпен жасалатын мәмілелерді ресімдеу үшін қорғаншылық немесе қамқоршылық бойынша функцияларды жүзеге асыратын органдардың анықтамаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2015 жылғы 2 қарашадағы №619 бұйрығымен бекітілген Стандарттың 4,5,6-қосымшаларына сәйкес бойынша өтініштің болуы және Стандарттың 9 тармағында қарастырылған құжаттарды ұсыну
7	Көрсетілетін қызметтің құны мен ақы төлеу тәртібі	Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.
8	Көрсетілетін қызметті көрсету	1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері қажетті құжаттар тапсырылған сәттен бастап 15 (он бес) минут ішінде

	мерзімі	<p>оларды қабылдауды, тіркеуді жүзеге асырады және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына бұрыштама қоюға жолдайды;</p> <p>2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы 1 (бір) жұмыс күні ішінде бұрыштама қояды және құжаттарды көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысына жолдайды;</p> <p>3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы 3 (үш) жұмыс күні ішінде келіп түскен құжаттарды қарайды, көрсетілетін қызметті алушыға анықтаманы немесе бас тарту туралы дәлелді жауапты дайындайды және көрсетілетін қызмет берушінің басшысына қол қоюға жолдайды;</p> <p>4) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы 5 (бес) минут ішінде анықтамаға немесе бас тарту туралы дәлелді жауапқа қол қояды және кеңсеге жібереді;</p> <p>5) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері 1 (бір) жұмыс күні ішінде мемлекеттік қызмет көрсетудің дайын нәтижесін көрсетілетін қызметті алушыға береді.</p>
9	Көрсетілетін қызметтің нәтижесі	<p>стандарттың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша кәмелетке толмаған балаларға меншік құқығында тиесілі мүлікпен жасалатын мәмілелерді ресімдеу үшін қорғаншылық немесе қамқоршылық бойынша функцияларды жүзеге асыратын органдардың жылжымайтын мүліктің орналасқан жері бойынша беретін анықтамасы (бұдан әрі – анықтама) немесе стандарттың 10-тармағында көрсетілген негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап</p>
10	Нормативтік-құқықтық актілер	<p>Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі; «Отбасы және балалар саласында көрсетілетін мемлекеттік қызметтер стандарттарын бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген «Кәмелетке толмаған балаларға меншік құқығында тиесілі мүлікпен жасалатын мәмілелерді ресімдеу үшін қорғаншылық немесе қамқоршылық бойынша функцияларды жүзеге асыратын органдардың анықтамаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын бекіту туралы» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 02.11.2015 жылғы №619 бұйрығымен бекітілген стандарты</p>
11	Қосымша ақпарат алуға болады	<p>БҚО Білім басқармасының интернет-ресурсында www.edu-bko.gov.kz сайтының «Мемлекеттік қызмет» бөлімінде Телефон:8 (7112) 26-04-66.</p>

Халыққа қызмет көрсету орталығы және (немесе) оның мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі қызметкерлерінің, сондай-ақ қызмет берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының мемлекеттік орталық органның әрекетіне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне шағымдану тәртібі.

Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша қызмет берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының, халыққа қызмет көрсету орталығының және (немесе) олардың қызметкерлерінің шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану стандарттың 3-бөліміне сәйкес жүзеге асырылады.